



Газет 1948
жылдың 20
сәуірінен шыға
бастады

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 11 (1305), 11-желтоқсан, 2001 жыл

Бүгінгі санда:



3-стр.

НАУЧНЫЕ КОНТАКТЫ -
ЗАЛОГ УСПЕХА И ПРОГРЕССА



ТӨРТІНШІ
БИЛІКТІҢ
БҮГІНГІ БЕТ-
БЕЙНЕСІ

4-бет



5-бет

АҚПАРАТТЫҚ
ТӨҢКЕРІС



СТУДЕНТ
ДӘПТЕРІНЕН

6-бет

ТАҢШОЛПАН

Желтоқсандықтар...
Бір-бірін танымаса
да, оларды бір күш
біріктірген еді. Ол күш
- ой ұқсастығы, мақсат
бірлігі болатын.

8-бет

Лебіз



Қымбатты ұстаздар!
Өздеріңізге белгілі, қазіргідей барлық
мәселені қабілет пен білім шешетін сын
кезеңде Қазақстанның болашағы білікті
мамандардың қолында. Сондықтан сіздер
шәкірттеріңізге, ертеңгі ел келешегінің
тұтқасы болар жас ұрпаққа сапалы білім
беруді ұлттық тәрбие негіздерімен
ұштастыра жүргізуге барынша назар
аударуларыңыз керек. Себебі "тәрбиесіз
берілген білім - адамзаттың қас жауы" деп

ТӘУЕЛСІЗДІК - АБЗАЛ ҰҒЫМ

Қадірлі әріптестер, ұстаздар мен
студенттер қауымы!

*Ел тәуелсіздігі - ешбір құндылықтар
жетпейтін ұлы мұраттардың асылы да
қымбаттысы. Қазақстан Республикасы
тәуелсіздігінің 10 жылдығы - халық болып
тойлайтын, ел болып қуанатын мереке.*

*Тәуелсіз 10 жылымыздың берекелі де бейбіт
күндеріне тәубе дей отырып, еліміздің
жарқын болашағын бағдарлайтын тарихи
сәт туды.*

*Егеменді еліміздің мерейтойын
білімнің қара шаңырағы - әл-Фараби
атындағы Қазақ ұлттық университеті
жастарға сапалы білім мен өнегелі
тәрбие беруде үлкен жетістіктермен
қарсы алып отыр.*

әл-Фараби бабамыз айтқандай, бүгінгі жас
мемлекетіміздің гүлденіп, өркеніетті
елдермен иық теңестіруі ұлттық идеология
ықпалына, адамгершілік, отансүйгіштік
қасиеттерге негізделген тәлім-тәрбиеге
тікелей байланысты болмақ. Әрине, сіздер
бұл уақытқа дейін осынау талап-тілек
межесінен табылып келдіңіздер. Алдағы
күндерде де шәкірттер жүрегіне ізгілік нәрін
сеуіп, ұстаздық қызметтеріңізді абыроймен
атқара берулеріңізге тілектеспін.

Қадірлі шәкірттер!

Бүгінгі университет қабырғасында тәлім
алып жатқан студент-жастар - бақытты

ұрпақ десек, артық айтқандық емес. Өйткені,
сіздердің тәуелсіздіктің көк Байрағы
желбіреген, Әнураны асқақтап, Елтанбасы-
мен танылған отандарыңыз бар. Болашақ
өмірлеріңізге қажетті рухани азық пен
тәрбиені тұтастай сіңіре алатын оқу
ордасында жастық дәуренді кешіп
жатырсыздар. Тәуелсіз Қазақстанның ХХІ
ғасырдағы озық дәрежедегі оқу орны ретінде
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетін кез келген шетелдің мақтап
жүрген жоғары оқу орындарымен терезесі
тең деп айта аламыз. Сіздер осындай білім
шаңырағынан тәлім алып, халқымыздың
ғасырлар бойы армандаған Тәуелсіздігін одан
әрі нығайтуға өз үлестеріңізді қосуларыңызға
тілектестігімді білдіремін.

Бүгін Сіздердің қатысуларыңызбен
жаңа мереке - "Менің Қазақстаным"
фестивалі ашылмақ. Фестиваль
күндері сәтті де, творчестволық
женістерге толы болсын!

Баршанызды Қазақстан Респуб-
ликасы тәуелсіздігінің 10 жылдық
мерекесімен шын жүректен құттықтай
отырып, Сіздерге табыс, бақыт, зор
денсаулық тілеймін!

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің
ректоры Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ

"Менің Қазақстаным" фестивалі

БАҒДАРЛАМА

БІРІНШІ КҮН

11 желтоқсан 2001 жыл
Тәуелсіздік және желтоқсан
Басталуы - сағ. 15⁰⁰

1. Ө.А.Жолдасбеков атындағы
Студенттер сарайының 2
қабаттағы фойесінде:

а) әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ-дің жетістіктер көрмесі.

ә) ҚР Тәуелсіздігінің 10-

жылдығына арналып өткізілген "Үздік топ",

"Менің Қазақстаным"

викториналық және дебат

ойындарының жеңімпаздарын марапаттау.

2. "Менің Қазақстаным!" фестивалінің ашылу

салтанаты:

а) Қазақстан Республикасының Гимні.

ә) әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің

ректоры, физика-математика

ғылымдарының докторы, профессор,

Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым

және техника қайраткері Төлеген

Әбдісағиұлы Қожамқұловтың

құттықтау сөзі.

3. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10

жылдығына арналған жыр шашу (М.Тазабеков,

С.А.Қалиев).

4. Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым

Академиясының академигі Я.Ә.Әубәкіровтің сөзі.

5. Марапаттау рәсімі.

6. Мерекелік концерт.

ЕКІНШІ КҮН

12 желтоқсан 2001жыл
Тәуелсіздік - туғырың, туған тілің -
қыдырың

I. 14⁰⁰ - "Тәуелсіз Қазақстан: тәжірибе мен
даму перспективалары" атты ой додасы (Бас
оқу ғимараты, 13-қабат).

II. Басталуы - сағ. 17⁰⁰

1. Қонақтар атынан құттықтау сөз.

2. Поэзия кеші.

3. ҚазҰУ-дің "Фараби сазы" оркестрінің концерті.

4. Айттыс.

ҮШІНШІ КҮН

13 желтоқсан 2001жыл
Жас ұрпақтың тілегі - Тәуелсіздік!
Басталуы - сағ. 17⁰⁰

1. Қонақтар атынан құттықтау сөз.

2. ҚазҰУ-дің би топтарының концерті.

3. Эстрадалық өндер концерті.

4. "Берекелді" әзілкештер сайысы.

ТӨРТІНШІ КҮН

14 желтоқсан 2001жыл
Гүлдене бер, Қазақстан!
Басталуы - сағ. 16⁰⁰

1. "Менің Қазақстаным!" фестивалінің жабылу

салтанаты:

а) әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің

Тіл және тәрбие жұмысы

жөніндегі проректорының

қорытынды сөзі.

2. "Менің Қазақстаным!" фестивалінің белсенді

қатысушылары мен Республика тәуелсіздігінің

құрдастары - университет қызметкерлерінің

дарынды балаларын марапаттау.

3. Мерекелік концерт (фестивалдің ең үздік

номерлері, оқытушылары мен қызметкерлерінің,

"Қыз сыны" байқауының жеңімпаздарының

қатысуымен).

БЕСІНШІ КҮН

15 желтоқсан 2001 жыл
ҚазҰУ қалашығының жатақханаларында
Басталуы - сағ. 18⁰⁰

1. Қазақстан: кеше, бүгін және ертең. Сұрақ-жауап
сайысы.

2. "Үздік қабат", "Үздік бөлме" байқау
жеңімпаздарын марапаттау.

3. Концерттік бағдарлама

4. Би кеші.

Баспасөз-2002



Құрметті
оқырман!

Өздеріңізге белгілі,
биылғы жылғы газет-
журналдарға жазылу
науқаны аяқталуға
жақын. Солардың
арасындағы сүйікті
басылымдарыңыз
"Қазақ университеті"
газетіне жазылуды да
ұмытып кетпеңіздер.

Газеттің индексі
65989.

Бір жылға жазылу
бағасы - 521 теңге
76 тиын.

Газетке жазылу
еліміздің кез-
келген
нүктесіндегі
байланыс
бөлімшесінде
жүзеге
асырылады.

Баспасөз-2002



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

2001 жылдың 27-қарашасында өткен Ғылыми Кеңес мәжілісінде университеттің Түркиядағы бөлімшесі жөнінде проректор З.А.Мансұровтың, университет Жарғысының жаңа нұсқасы жөнінде проректор С.Т.Шалғымбаевтың, оқу орны қызметкерлерін докторантураға және аға ғылыми қызметкерлікке қабылдау жөнінде проректор А.И.Купчиннің хабарламалары тыңдалды. Сонымен бірге ғалым хатшы Н.Ж.Шаймерденова біліктілікке, байланысты мәселелер жөнінде және оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.А.Асанова студенттердің білімдерін бағалау мен бақылау рейтинг жүйесін қолдану жөнінде хабарламалар жасады. Университет Ғылыми Кеңесіне ғылым докторлары К.Н.Бұрхановтың, С.Г.Нестерованың, А.К.Төлешовтің “ҚР ЖАК профессоры” ғылыми дәрежесіне ұсыну жөніндегі өтініштері келіп түсті.

Жер мен ел

ҚАЗАҚСТАН КАРТАСЫНДАҒЫ АҚТАҢДАҚТАР

2001 жылдың 30-қарашасында өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі академик Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопеддагогика орталығының кезекті мәжілісі болып өтті. Мұнда Қазақстанның картография саласын зерттеумен көптен бері айналысып жүрген белгілі карттанушы Молдияр Серікбаев “Қазақстан картографиясындағы ақтаңдақтар және ұлттық тәрбие мәселелері” деген тақырыпта ғылыми баяндама жасады.

Мәжілістің бұл жолғы бағдарламасын жасап, ұйымдастырғандар профессор Қ.Жарықбаев басқаратын аталмыш орталықтың қызметкерлері мен университеттің Тіл және тәрбие мәселелері бөлімінің ұжымы.

Жиынға Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орындарынан келген оқытушылар, сондай-ақ К.Асанов, Ә.Табылдыев, Е.Дайрабаев, Н.Молдабеков, Р.Тұрысбек, Қ.Қалдықайыров, Н.Жаңабаев, Ж.Түрікпенұлы, Т.Тұрлығұлов, К.Оспанов, М.Құдайқұлов т.б. ғалымдар қатысты. Баяндамада Қазақстан аймағындағы жер-су аттарының өткені мен бүгінгі арнайы көрнекі құралдармен,

картографиялық схемалармен дәлелді-дәйекті түрде түсіндірілді. Халқымыздың тарихына қатысты жан-жақты мағлұматқа толы өңгіме-деректерге тыңдаушылар ерекше қызығушылық танытты. Алматы облыстық ұлттық тәрбие қауымдастығының бастамасымен 1991 жылы алғаш рет өткізілген жиын содан бергі уақыттарда жыл сайынғы дәстүрге айналып, оған тарих, психология, әдебиет саласындағы ғалымдар ұлттық психология және педагогика мәселелерін қамтитын баяндамалар жасауға тартылып отырды. М.Серікбаев бүгінгі жиында жасаған баяндамасында жоғары оқу орындарында “Карттану”, “Топырақтану”, “Елтану” мамандықтарын ашудың аса қажеттілігін айтып өтті.

Сондай-ақ, жиын барысында 2002 жылдың 23-ақпанында академик Т.Тәжібаевтың туған күніне орай өткізілгені жатқан “Тәжібаев оқулары” атты халықаралық конференцияның дайындық жұмыстары басталып кеткендігі жөнінде хабардар етілді.

(Өз тілшімізден)

Шекараның арғы беті

ТҮРКИЯЛЫҚТАР СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Тоғжан МҰХТАРБЕКОВА

29-қараша күні халықаралық қатынастар факультетінің мәжіліс залында факультет мәслихаты ұйымдастырған “Қазақ-Түрік қатынастары” атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға Қазақстандағы Түркия елшісінің білім саласындағы кеңесшісі Абдул Кадир Ақтұл мырза, Қазақстандағы түрік халықтарының мәдени қорының вице-президенті Ахмед Дағдурман мырза және Алматы қаласындағы Түркия фирмаларының қызметкерлері қатысты. Абдул Кадир Ақтұл мырза Қазақстан

мен Түркия арасындағы қарым-қатынаста білім саласының алатын орны туралы өңгімеледі. Ахмед Дағдурман екі ел арасындағы мәдени байланыстарды сөз етті. Факультет студенттері Құралай Байбатырова және Меруерт Үсен екі мемлекет арасындағы экономикалық және саяси байланыстар туралы баяндама жасады. Қонақтар студенттер қойған сұрақтарға жауап берді. Конференция соңында қонақтар студенттерді Түркияның белгілі жазушысы Харум Яхья мырзаның кітаптарымен таныстырды.

Факультет мәслихаты мен қонақтар келешекте де осындай кездесулер ұйымдастырып отыруға уәделесті.

Ақпаратсыз дүние бос

“АНА ТІЛІ” ГАЗЕТІ - ҰЛТ БАСЫЛЫМЫ

А.ЕРКІНБАЕВА

Үстіміздегі жылдың 30-қараша күні ҚазҰУ-дің журналистика факультетінде дәстүрлі шаралардың бірі ретінде республикалық “Ана тілі” газетінің редакция ұжымымен кездесу болып өтті. Кездесуді факультет деканы Бауыржан Жақып жүргізіп, оған қатысқан Қуаныш Жиенбай, Сабыржан Шүкірұлы, Нұрлыбек Сафин сынды редакция журналистерімен студенттер арасында сұрақ-жауап негізінде жүрген өңгіме желісі кездесуді өсерлендіріп отырды. Студенттердің қойған сұрақтарына журналист ағаларымыздың жігерлене айтқан тәрбиелік мәні зор,

мамандықтың ыстық-суығы туралы толғаған ойлары оларды бей-жай қалдырмағаны сөзсіз. Рухани сырласу барысында өнерлі жастар, әсіресе орыс тілді студенттер мемлекеттік тілде өн айтып, ұлы қазақ ақындарының өлеңдерін оқып, кездесудің тартымды өтуіне өз үлестерін қосты.

Республикамыздың тәуелсіздігіне 10 жыл толуына байланысты өткен бұл кездесуден студент, болашақ журналистердің алары мол. Дәл осындай кездесулер жалғасын болашақта да таба берсе құба-құп болар еді.

Конференция

ЯЗЫК – ВСЕМ ЗНАНИЯМ И ВСЕЙ ПРИРОДЕ КЛЮЧ



Ольга КОЩЕЕВА

За десятилетие своей независимости наша страна, а значит, и все мы достигли многого: у нас появилась

Конституция, валюта и государственный язык.

Язык – это хранитель культуры, истории, традиций и обычаев народа. Нация, имеющая свой язык и литературу, стремящаяся сохранить и обогатить их, достойна восхищения.

Юбилею независимости Казахстана и была посвящена международная научно-практическая конференция “Вопросы развития государственного, русского и иностранных языков в условиях суверенитета Республики Казахстан”, организованная кафедрой иностранных языков факультета международных отношений и состоявшаяся в нашем университете 5 декабря.

На открытии конференции выступили первый проректор КазНУ им. аль-Фараби З.А. Мансұров и заведующая кафедрой иностранных языков ФМО Р.С. Кайрбаева. В своих выступлениях они отметили, что умение общаться на казахском языке, знание его особенностей и стилистики есть немаловажный фактор успеха в профессиональной деятельности. Поэтому изучению государственного языка преподаватели и студенты должны уделить особое внимание.

На пленарном заседании с интересными докладами выступили известные ученые, филологи – доктор филологических наук, академик международной академии информатизации Б.Х. Хасанов и доктор филологических наук, профессор КазГУМО и МЯ им. Аблай хана С.Е. Исабеков.

Немаловажное значение наряду со знанием казахского и русского языков имеет владение иностранными языками. В связи с этим на конференцию были приглашены представители посольств США, Великобритании, Германии, Италии, Франции в Казахстане, которые рассказали о тенденциях развития мировых языков и современных методах их изучения.

Атташе по культуре посольства Франции Клод Круай отметил, что во Франции так же, как и в Казахстане, проблема развития языка стоит очень остро.

Филологи делают все возможное для того, чтобы вывести его из кризиса. Иногда пуристы перегибают палку, пытаются перевести на французский общепринятые международные термины и вызывая лишь недоумение французов. Г-н Круай считает, что этого не следует делать безоговорочно. Вместо того чтобы защищать язык как таковой, нужно защищать все то, что представляет Францию, с этим и придет уважение к языку.

Луиз Каучер, заместитель директора Британского совета, рассказала, что она и ее коллеги разрабатывают квалификационные стандарты для преподавателей английского языка. Все реже люди изучают английский язык ради языка. Их цель – общаться на нем и использовать свои знания на практике, поэтому сегодня преподаватели английского должны учить не языку, а умению использовать его. Г-жа Каучер подчеркнула, что их проект не призван ломать существующие традиции в изучении английского языка, он представляет собой лишь альтернативу, которую могут использовать преподаватели.

Генеральный директор лингвистическо-экспериментального центра культуры и информации “Италия” Марко Ауджелло сообщил, что он и его центр работают над проблемой преподавания итальянского языка в нашей республике, занимаются подготовкой квалифицированных кадров. В своем выступлении он предложил современные методы изучения итальянского языка, которые можно назвать нетрадиционными.

Доклад “Демократизированный учитель” профессора Ульриха Ротгангеля, директора языкового отдела Института Гете, был посвящен проблемам преподавания в условиях демократического общества. Преподаватель в демократической системе должен стремиться воспитывать учеников с чувством ответственности за общество. Они же, в свою очередь, будут активно участвовать в политической жизни страны.

В целом же, все докладчики сошлись в одном: сегодня нужны новые методы преподавания иностранных языков, отличающиеся от традиционных, разработанных еще во времена СССР. Нужно стараться, чтобы овладение профессией и изучение языка шли параллельно, т.е. преследовать цель его тесного контакта, с будущей профессией студента.

Работа конференции была продолжена на двух секциях: “Актуальные вопросы методики преподавания иностранных языков” и “Язык и культура”. Интересны были доклады М.К. Макишевой, Г.С. Сулеймановой, доцента З.С. Кузековой.

Конференция, в которой приняли участие докладчики из других вузов (КазГУМО и МЯ им. Аблай хана, АГУ им. Абая, Казахско-турецкого университета им. Демиреля), внесла большой вклад в разрешение проблем изучения государственного и иностранного языков.

Олимпиада

2-желтоқсан күні өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия факультетінде өйгілі химиктер Ә.Б.Бектұровтың 100 жылдығына және Б.А.Бірімжановтың 90 жылдығына орай ұйымдастырылған Оқушылар олимпиадасының салтанатты ашылу рәсімі болды.



ӘЙГІЛІ ХИМИКТЕРГЕ АРНАЛДЫ

Оған университеттің Бірінші проректоры, профессор З.А.Мансұров, Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректордың орынбасары Ұ.Қ.Жапбасбаевтар қатысып, факультет деканы, профессор Ж.Ә.Әбілов олимпиада бағдарламасымен таныстырып өтті. Бағдарлама бойынша Алматы қаласындағы қазақ және орыс мектептерінен жиналған 300-дей оқушы теориялық және тәжірибелік есептерді шығарудан тұратын екі тур бойынша сайысқа түседі. Осы қатысушылардың ішінен үздік

қабілетімен көзге түскен 30 оқушыға алдағы көктемде өткізілетін “Менделеев олимпиадасына” жолдама беріледі. Оқушыларға арнайы тапсырмалар жүктеліп болғаннан кейін профессор Ж.Ә.Әбілов болашақ химиктерді бастап келген ұстаздар қауымының алдында сөз сөйлеп, оларға факультет жөнінде толық мағлұмат беретін дерекнама қағазды таратып берді. Ұстаздар қауымы факультет деканын ортаға алып суретке түсті.

(Өз тілшімізден)



На днях в КазНУ им. аль-Фараби состоялось чествование профессора Т.С. Амандосова. 80-летию основателя школы теории казахстанской журналистики была посвящена Республиканская научно-практическая конференция.



ВСЯ ЖИЗНЬ — СЛУЖЕНИЕ ЖУРНАЛИСТИКЕ

М. МУКАШЕВА, руководитель Пресс-службы КазНУ им. аль-Фараби

В последнее время в университете человеческий фактор выходит на первый план. Ректор, академик Международной академии высшей школы, доктор физико-математических наук, профессор Т.А. Кожамкулов делает все, чтобы каждый — и студент, и преподаватель — смог осознать себя самодостаточной личностью. Оно и понятно: прогресс науки и образования немислим без неординарных людей. Таким и был, как отмечал Төлеген Абдисагитович, профессор Амандосов. Неординарный ученый, внимательный наставник, опекавший коллег и студентов, хороший семьянин — эти эпитеты лейтмотивом звучали в выступлениях академиков НАН РК — доктора экономических наук Я.А. Аубакирова, доктора филологических наук З.К. Кабдолова, профессоров — Ш.Р. Елеуенова, К.Г. Ахметова, А.И. Идрисова и многих других. Кстати, они, сами внесшие колоссальный вклад в развитие разных отраслей знания в Казахстане, прекрасно знают и помнят, как в те времена тяжело было проводить реформы, внедрять новшества, и даже — иметь собственное мнение. Занимая высокие посты — проректора КазГУ, декана факультета, зав. кафедрой — Тауман Салыкбаевич тоже не избежал нападков и даже травли. Но его рассудительность, умение находить выход из сложных ситуаций, человечность помогали выстоять. Профессор всегда подавал пример своим коллегам и студентам — постоянно писал для республиканских изданий, являясь одним из ярких публицистов той эпохи. Она была советской — нельзя стыдиться своей истории, но даже и тогда были люди, которые всегда честно и добросовестно выполняли свой долг. Декан факультета журналистики КазНУ, доцент Б.О. Жакып рассказал о творческом и жизненном пути Учителя, чьи взгляды легли в основу развития казахстанской школы журналистики, которая стремилась даже в условиях идеологических установок быть оригинальной. Писатель Г.И. Толмачев, директор республиканского издательства «Санат» С.А. Абдраимов были едины во мнении, что еще долгое время наследие ученого будет помогать потомкам.

НАУЧНЫЕ КОНТАКТЫ — ЗАЛОГ УСПЕХА И ПРОГРЕССА

Недавно научная химическая общественность России отметила 70-летие выдающегося ученого с мировым именем, крупного специалиста в области теории процессов горения, автора открытия самораспространяющегося высокотемпературного синтеза (СВС-технологии), директора Института структурной макрокинетики (ИСМАН), председателя Научного совета по горению АЛЕКСАНДРА ГРИГОРЬЕВИЧА МЕРЖАНОВА.

З.А. МАНСУРОВ, Первый проректор КазНУ им. аль-Фараби, профессор

Трудно переоценить роль А.Г. Мержанова в развитии теории горения и развитии СВС-технологии в Казахстане, КазНУ им. аль-Фараби. При его поддержке организован СВС-

эффект в десятки и сотни тысяч \$ США. Они были внедрены в 1986-1995г.г. и используются по настоящее время на многих производствах цементной, металлургической, нефтепере-



На снимке участники Всесоюзного симпозиума по макрокинетики и химической газодинамике (Алма-Ата, 1984). Слева направо: сидят — М.Б. Исмаилов, Т.С. Досмухамедов; стоят — У.Б. Ашимов, О.Г. Прокопьева, З.А. Мансуров, Т.А. Жолудева, А.Г. Мержанов, И.П. Боровинская, Ю. Приданова

центр, который вырос в Институт проблем горения (ИПГ). Со дня основания институт имеет прочные связи с различными предприятиями Казахстана и бывшего Советского Союза.

Александр Григорьевич был инициатором проведения Всесоюзного симпозиума по макроскопической кинетике и химической газодинамике (1984г.) в г. Алматы, Первого Международного симпозиума по СВС (1991г.), который собрал крупнейших ученых из ведущих научных центров. Это позволило в кратчайшие сроки поднять на высокий уровень исследования в области СВС-технологии в Казахстане, в Институте проблем горения и организовать лабораторию СВС-огнеупоров.

В этой лаборатории были разработаны эффективные огнеупоры на базе казахстанского сырья на основе отходов горнорудной промышленности, огнеупоры серии «Фурнон» в виде сухих смесей, которые упрочняют агрегаты и увеличивают срок их службы, что дает экономический

работывающей промышленности бывшего СССР, Италии, Германии, Англии, США и Кубы. Выпускаемая огнеупорная продукция востребована на постоянно растущем рынке потребителей — крупных и финансово стабильных предприятий Казахстана и СНГ.

По результатам этих разработок казахстанские ученые М.Б. Исмаилов и Г.Г. Гладун защитили докторские диссертации в Научном Совете ИСМАН, возглавляемом академиком А.Г. Мержановым, в Черногловке. Также защищено несколько кандидатских диссертаций. Таким образом, в Казахстане создано собственное новое направление СВС-технологии. Также в Диссертационном Совете ИСМАН защитил докторскую диссертацию А.А. Сагындыков.

Я отлично помню все обстоятельства, связанные с представлением в 1990 году и последующей защитой своей докторской диссертации «Неизотермические холодные пламена углеводородов». Александр

Григорьевич оказал мне существенную поддержку. Назначил куратором выдающегося ученого в области цепных реакций Вилен Вагаршевича Азатяна. Через 4 месяца после детальной проработки материала и жаркой дискуссии на семинаре института работа была представлена в Совет. В итоге Диссертационный Совет А.Г. Мержанова утвердил мою диссертацию. Помню, при ответах на замечания ведущей организации и по автореферату я не соглашался с каждым замечанием и начал давать пояснения, и тогда Георгий Иванович Ксандопуло шепнул: «Зулхайр, ты хоть с некоторыми замечаниями соглашайся». Подводя итог защите, А.Г. Мержанов отметил, что выполнен большой объем экспериментальных работ, получены интересные новые данные, которые являются хорошим материалом для теоретиков.

В настоящее время в Институте проблем горения созданы огнезащитные вспенивающиеся краски, в которых теплоизолирующий слой, образующийся при пожаре, препятствует прогреву металла и сохраняет его конструкционную прочность. Материал использован при строительстве мачеты в г. Алматы. Изготовлена опытно-промышленная установка по получению асфальтобетонной смеси путем окисления нефтяных



А.Г. МЕРЖАНОВ

отходов. Эта установка прошла полевое испытание на месторождении Озен. В Мангистауской области разработаны экологически безопасные сорбенты для очистки воды, и новый адсорбент для очистки поверхности воды от нефтяных загрязнений, топливные брикеты, изготовленные из угольной мелочи. Получение всей этой продукции способствует политике импортозамещения, повышает экспортный потенциал РК, поднимает престиж научно-технических достижений казахстанских ученых.

Александр Григорьевич большое внимание уделяет развитию международных связей. Он всегда поддерживает казахстанских ученых, будь то организация СВС-конференции, либо Международные Менделеевские съезды по химии и химической технологии. Мы надеемся на дальнейшее плодотворное сотрудничество между коллективами ИСМАН и ИПГ. В настоящее время готовится совместный казахстанско-российский проект исследований в области СВС-технологии по созданию новых материалов с улучшенными характеристиками.

Более подробно об организации Института проблем горения и о фундаментальной роли А.Г. Мержанова в развитии этого научного центра рассказывает Г.И. Ксандопуло, академик Российской академии технологических наук, зав. лаб. Института проблем горения, профессор.

Становлению Института проблем горения предшествовало образование Казахского межотраслевого научно-технического центра СВС (КазМНТЦ СВС). Будучи в 1987 году в Москве, я позвонил Александру Григорьевичу узнать как дела. Он сказал, что они подают в Совмин СССР Межотраслевую программу СВС, и спросил, будем ли мы участвовать в этой программе. Я сказал, что хотим создать Научно-технический центр СВС. И наше предложение, без согласования с Министерством образования КазССР, было включено последним пунктом в Постановление СССР о создании в Алматы КазМНТЦ СВС.

Конечно, это вызвало возмущение чиновников в Министерстве образования СССР и КазССР, но затем все было согласовано. В Госплане КазССР отдельной строкой были выделены средства на строительство нового корпуса, которые мы едва успели освоить перед распадом Советского Союза.

Несомненно, роль А.Г. Мержанова в строительстве КазМНТЦ значительна. Позже этот Центр был переименован в Институт проблем горения. И хотя подчиненность ИСМАНу в результате произошедших изменений отпала, наши связи с Мержановым остались прежними. Результатом был I Международный симпозиум по СВС в Алматы. Еще больше возрос авторитет казахстанских горельщиков.

Особая роль Александра Григорьевича для Казахстана заключается не только в создании Института проблем горения, но и в том, что, опираясь на работы ИСМАНа, руководимого Мержановым, мы создали новые направления исследований. В частности, был разработан новый материал, не имеющий себе равных по огнеупорным свойствам — это семейство огнеупоров «Фурнон», завоевавших доверие многих отечественных и зарубежных предприятий. Также нами сегодня интенсивно развивается малая металлургия как технология производства ценных редких металлов, их ферросплавов и ряда керамических материалов из природного казахстанского сырья.

Мои личные отношения с А.Г. Мержановым тесно переплетаются с научными интересами. Он возглавляет Научный Совет по горению, и в связи с этим я с ним взаимодействовал, представляя науку Казахстана в области проблем горения. Мы часто встречались в Москве и в Алматы, каждый раз создавая частные программы пребывания в городе. И сейчас благодарные казахстанцы пребывают в надежде на встречи с Александром Григорьевичем как с ученым, создателем и разработчиком нового научного направления, получившего мировое признание.



ТӨРТІНШІ БИЛІКТІҢ БҮГІНГІ БЕТ-БЕЙНЕСІ



Желтоқсан айының 7-8 күндерінде ҚазҰУ-дің мәжіліс залында Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған “Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігінің дамуы: он жылдық тәжірибе” атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Ұйымдастыру алқасының төрағасы-ҚазҰУ ректоры Т.Ә.Қожамқұлов, оның орынбасарлары - проректор Н.О.Омашев, А.Н.Нұрмаханов, мүшелері - журналистика факультетінің деканы Б.Ө.Жақып, деканның орынбасары С.Ж.Нұрбеков, кафедра меңгерушілері С.К.Қозыбаев, Ф.Ж.Ибраева, Л.С.Ахметова, Т.Б.Бекниязов, А.А.Бейсенқұлов, Қ.Ө.Сақ және басқа да оқытушылар құрамы болды.

Конференцияның пленарлық мәжілісін университет ректоры, профессор Т.Ә.Қожамқұлов кіріспе сөз сөйлеп ашты. Бұдан кейін сөз алған көсемсөз мамандарының баяндамаларында еліміздегі бүгінгі таңдағы бұқаралық ақпарат құралдарының алдында тұрған міндеттері мен мақсаттары қамтылды. Конференцияға мемлекеттік басқару орталықтарынан, ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінен, Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарынан келген өкілдер және

Ресей, Германия, Түркия, АҚШ, ҚХР, Қырғызстан елдерінен арнайы шақырылған баспасөз мамандары қатысты.

Түркиядан Будак Фейзуллах, Германиядан Штоль Фердинанд, АҚШ-тан Терри Валерия өз баяндамаларында Қазақстанмен тығыз байланысты алдағы уақытта да бекіте түсетіндіктерін айтты. Сондай-ақ, еліміздегі облыстардан конференцияға қатысушылар келді. Жалпы, 112 баяндама тіркелген.

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Тіл және тәрбие мәселелері жөніндегі проректоры, профессор Н.О.Омашевтің аталмыш конференцияда жасаған баяндамасында қазіргі таңда жүріп жатқан ғаламдану және білім берудің ұлттық моделі жөнінде нақты тұжырымдаулар айтылды. Енді осы баяндама мәтінін газет оқырмандары назарына ұсынып отырмыз.

тағы да танымдық мәні бар тамаша мысал келтіріп көрейін.

1998 жылы халықаралық ЮНЕСКО ұйымы Бүкілдүниежүзілік 1-ші білім конференциясын өткізді. Оған осы ұйымға кіретін елдердің делегаттарымен қоса, Қазақстаннан сол кездегі білім министрі Қырымбек Көшербаев, оның орынбасары Базар Дамидов ҚазМУ-дің сол кездегі ректоры Көпжасар Нәрібаев және ЮНЕСКО-ның профессоры ретінде мен де қатыстым. Дүниежүзілік форумда: жердің белі қайысардай жиналған қаруға жұмсалған шығын нәтиже берген жоқ. Адамзаттың қауіпсіздігі артпады. Одан кейін сыртқы саясатқа төккен қаржы да сондай пайдалы болды деу қиын. Ендігі үшінші мыңжылдықта дүниенің тетігі білімде болады. Ол барлық ел мойындайтындай бір стандартқа бағындырылуы тиіс. Яғни, білім беруді әлемдік ақыл-ойдың даусыз тәжірибесіне сүйеніп жүзеге асыру керек. Оқу жоспарының 50 пайызын білім берудің дүниежүзілік стандарты құрау керек. Ал қалған 50 пайызы әр елдің өз тарихы мен танымы, мәдениеті мен өнері сияқты қастерлейтін ұғымдардан тұруы керек деген

ҒАЛАМДАНУ. БАҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ



Н.О.ОМАСHEB, ҚазҰУ-дің Тіл және тәрбие мәселелері жөніндегі проректор,

Бүгінгі ғылыми мәжіліске жиналған қадірменді қауым. Менің айтатын өңгімемнің тақырыбы: “Ғаламдану. БАҚ және ұлттық мүдде” деп аталады. Бұл аяқ астынан ойлап табылған немесе бүгінгі конференцияда бірдеңе айту үшін алынып отырған тақырып емес. Қазіргі зәру мәселе. Қажеттіліктен туған дүние.

Қазақстанның әлемдік ақпараттық кеңістікке енгені ешқандай дау тудыра қоймас. Қазір тап сондай процесс біз қалайық, қаламайық елімізде жүріп жатыр. Осыған орай біз бірнеше проблемаларға тап болдық. Айталық, өткенде ғана БАҚ туралы заңға түзетулер мен толықтырулар енгізуімізге тура келді. Ол да бекершіліктен туындаған шаруа емес. Керісінше, аса қажетті, өте зәру мәселе. Неге дейсіздер ғой. Мен сол негеге қысқаша болса да жауап беріп көрейін. Ол үшін сөз шегініс жасауға тура келеді.

Сонау 1960 жылдардың ортасындағы Чехословакиядағы жағдайды, немесе 1973 жылғы Чилидегі төңкерісті, сол сияқты 1980 жылдардағы Польшадағы

өзгерістердің қай-қайысы да мемлекеттің БАҚ құралдарынан ажырап қалуынан болғаны тарихи шындық. Сонда Сальвадор Альенде: “Менің қолымда армияның болмағаны түк емес. Оған өкінбеймін. Менің қолымнан бұқаралық ақпарат құралдары кетіп қалды ғой. Түбіме жеткен солар!” деп еңірегінде етегі жасқа толған еді.

Қазір көрген көсемдер қатарына аталып жүрген Збигнев Бжежинский сексенінші жылдары ешқандай тосқауылсыз Польшаға ұшып келіп, сол елдің БАҚ-ын еркін пайдаланды. Соның әсерінен армияның күш-қуатына ғана сенген Польша мемлекетінің қалай құлағаны әлі естен кете қойған жоқ шығар.

Бұдан шығар қорытынды қандай болу керек. Егер ақпарат құралдарының мемлекеттік құрылымымызда алар орны мен атқарар қызметін толық бағаламайтын болсақ, немесе

оның аса нәзік тұстары мен әрі өте күрделі құрылымын жете игермесек, егемен елдің шаңырағын шайқалтып алу қаупі (оның беті арман) жоқ емес. Сол себепті де осы саланы біздің тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Алтынбек Сәрсенбаев, Мұхтар Құлмұханбетов секілді ұлтына адал ұлдарға, арғы, бергіні білетін сұңғыла азаматтарға сеніп тапсырды. Соның өзінде бұрынғы министріміздің БАҚ туралы заңға түзетулер мен толықтырулар енгізер тұста қандай кедергілерге тап болғанын, қатты қиналғанын естен шығармауымыз керек. Ендігі жерде оны жаңа министрліктің жетекшілігімен жүзеге асыруға тура келеді. Сол тұста ақпараттың еркін ағымын еміп үйренген әріптестеріміз тағы шулайды. Оған кәміл сеніңіз. Бірақ, “шегірткеден қорыққан егін екпейді” деген бар ғой. Оны іске асырмай тағы болмайды. Оған да кәміл сеніңіз. Өйткені, осы саланың дүние жүзілік тәжірибесінен біраз хабардар болып жүрген мен оған имандай сенемін. Сонда менің сенімім қандай қағидаға негізделген дейсіздер ғой. Ендеше, дәлел-деп көрейін.

Қазір дүние жүзінде бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты “ақпараттың еркін ағымы” (“Свободный поток информации”) деген теория дәуірлеп тұр. Ол қағиданың мәні мынаған саяды: “Жер бетінде тік басып тірі жүрген пенденің қай-қайсы да әлемдік ақпараттан хабардар болуға тиіс. Ол - жарық дүниенің иесі. Сондықтан адам үшін таратылған ақпаратта шекара болмауы керек. Ол шекара дегенді білмейді” дейді. Солайы солай ғой. Бірақ, сол ақпаратты таратуда барлық мемлекеттің мүмкіндігі бірдей ме? Мысалға, Америка Құрама Штаттары мен Ауғанстанның ақпарат таратудағы жағдайын алайық... Оны тым тереңдетпей-ақ қояйын. Тақырыптан ауытқып кетемін...

Сексенінші жылдары Италияның театрларында ұлттық киносы із-түзсіз жоғалып,

американдық фильмдер қаптап кетті. Сондағы қаны қызу италяндық режиссерлардың, актерлардың, драматургтардың, жалпы көрерменнің жанұшыра салған айқайының арқасында, ұлт болып ұйыған, ел болып қалыптасқан, қуатты державаның күшімен дерттің беті қайтты. Бұл жағдай басқа елдің басына түскенде қайтер еді?!

Енді сол мәселені саралап көрейікші. Тарихы Америка елінен арыда жатқан, мәдениеті мен өнері осал емес Италияның Америка шыр-мауында қалып қоюы нәліктен? Оған өзге емес, өз идеолог сымактары кінәлі екен. “Ақпараттың еркін ағымы” деген дүние жүзілік теорияны малданып, шетелдік берілімдерге есік-терезені түгелдей ашып тастаған. Одан пайда көрушілер, табыс табатындар болды. Әлгі аталмыш қағидадан “Свободный рынок информации” дегенді туғызып, сол елге өзге жұрттың берілімдерін қаптатып жеберді. Елдің елдігін ойлаудан гөрі, қалтасының қалыңдығын ойлағандар көбейді. Аяғының немен тынғаны белгілі.

Ал осы жағдайдың біздің егемен елімізде қалып алып бара жатқанын несің жасырамыз. Оның үстіне біз Италия сияқты етек-жеңі жинақы, негізінен бір ғана ұлттан тұратын, дүние жүзі бұрыннан мойындаған мемлекетпіз деу өзін-өзі алдаумен тең. Тәуелсіз Қазақстанның БАҚ туралы заңына енгізілген түзетулер мен толықтырулар дәл осы дертті сылып тастау үшін қолға алған шаралар деп білуіміз керек.

Ғаламдану мен дүние жүзілік интеграция бір-бірімен байланысты. Ғаламдануды біреулер қолдайды, ал біреулер қарсы. Қазір дүниені жайлаған ірілердің ұсақтарды жұтып қоятындығын жасыру қиын. Қарсылық содан туып жатыр.

Құрметті ғалымдар, сіздердің мені дұрыс түсінгендеріңізді қалар едім. Қара аспанды неге төндіріп тұр деменіздер. Иландыру үшін

шешімге келді. Сонда білім берудің дүниежүзілік стандарты адамзаттық асыл қасиеттерді тануда бір байламға, бір көзқарасқа келуге көмектессе, білім берудің екінші жартысы әр ұлттың өзін жоғалтып алмауына, өзгенің қосағында кетпеуіне көмектеседі. Меніңше осы принципті ұстанған болу керек. Осы жылдың басында Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған съезде де білім берудің ұлттық моделі туралы сөз болды.

Журналист кадрларын даярлаудың жаңа концепциясы осындай мақсат тұрғысынан жасалып, қабылданды. Ол үшін дамыған елдерде журналист кадрларын қалай дайындайтындығы зерттелді. Олардан үлгі болар жағы алынды. Бірақ, біздің өзгеге ұқсамайтын өз ерекшелігіміз көп. Сондықтан өзіміздің қастерлі ұғымдарымызға көбірек үңілу керек. Барымызды бағалай білейік. Мысалға, Ахаң бастаған алаш азаматтарын кім білімсіз болды дей алады?! Немесе білім қуып кетіп, ұлтына қарайласпады, елінің жоғын жоқтамады деуге ауыз бармайды. Олар ұлттық мүддені алдыға асыра отырып, білім құды. Ақыл-ойын, ар-ожданын, білігін ұлттық мүдде үшін арнады.

Сөздің тоқ етері, Тәуелсіз Қазақстан әлемдік ақпараттық кеңістікке енді. Интеграциясыз тағы да өмір жоқ. Ендеше, білім беруде, нақты айтсақ, журналист кадрларын дайындауда дүниежүзілік үздік тәжірибенің озық үлгілері мен білім берудің ұлттық моделін тең ұстамай мұратқа жету қиын. Сонда ғана Елін, Жерін, Отанын сүйетін білімді ұл, қыз тәрбиелей аламыз.

Тәуелсіздікке 10 жыл



Қазір не көп – той көп, бірақ салтанат аз. Кештің, жиынның бәрін той десек, той атаулының бәрін салтанат десек, қуаныш атаулының халқадіріне жете алар ма екенбіз? Көкейде сұрақ көп. Соның бірі – сіз бен біздің бүгінде тәуелсіздік деп айдар тағып, атап өткелі отырған жай емес, салтанатты, мәңгі емес, мерейлі тойымыздың маңызы қандай болмағы жөнінде.

ТАҚЫРЫП ӨЗГЕРМЕЙ ЕШТЕҢЕ ДЕ ӨЗГЕРМЕЙДІ НЕМЕСЕ ҚАЖЕТТІЛІК ФОРМУЛАСЫ

Біздің көрші Қытай елінде: “Егер Құдай бар болса, бір қоғамнан екінші бір қоғамға өтіп жатқан тұста өмір сүр”, - деген қарғыс айтылады екен. Ауыр айтылса да, тағдырымызбен сәйкес келетін жайт екені даусыз. Мұндай қоғамда өмір сүрудің еншісі біздің қазақтың тап бүгінгі болмысына да тән десек, аса жаңылса қоймаспыз. Иә, көшпелі кезеңнің өзі үлкен ерлік пен шыдамды қажет етеді екен. Ендеше, осы шыдам мен жігеріміздің нәтижесінде қол жеткізген тәуелсіздік бізге не берді деген сауалмен қатар, біз одан нені ала алмай қалғандығымыз да өз жауабын тосары анық.

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылы да өз ізін артқа қалдырды. Десек, те осы кезеңнің бар мүмкіндігін біз өз дәрежесінде, халық игілігіне қажетті деңгейде пайдалана алдық па? Қазақтарды біреулер жалқау деп жасыға айтса, енді біреулер нағыз еңбекқор халық екендігін алға тартады. Осы ретте өйгілі ағылшын драматургы У.Шекспирдің: “Дүниеде ешбір зат, оқиға, құбылыс жақсы не жаман болып бөлінбейді, оған деген жақсы не жаман деген көзқарастар ғана өмір сүреді”, - деген түйіні көп нәрсенің мәнін аша түсетіндей. Қазақтарды жалқау деушілер олардың сол жалқаулығына түрткі болатын себептерді ескере бермей, тек халыққа біржақты баға беруге құмар. Ал оларды еңбекқор деп мадақтаушылар да сол еңбекке

итермелейтін күштерді анықтау жағын назардан тыс қалдырып жатады. Осы әрекеттердің қай-қайсысына да қозғау болатын дүниедегі бір анық, ең басты нәрсе – ҚАЖЕТТІЛІК. Біздіңше, назардан тыс қалып жататын ұғым да – осы қажеттілік.

Ойымызды сәл түсініктірек етіп тарату үшін қарапайым ғана мысал келтіріп көрейік. Айталық, сіз біреуге үлкен сомада қарыз ақша берешексіз және екі сағаттың ішінде оны қайтарып бермеген жағдайда сіздің басыңызға орнатылған жарылғыш зат қопарылады делік. Сіз өз өміріңізді сақтап қалу жолындағы қажеттілікті сезінесіз де, қойылған талапты көрсетілген, тіпті одан да аз уақыттың ішінде орындап шығасыз. Міне, сізге нағыз қажеттілік формуласы!

Әлемде жапон жұртын техникасы жағынан дамыған, адамдарының интеллектуалдық ойлау қабілеті жоғары ел ретінде бағалайды. Олардың да осы биіктен көрінуіне сеп болып отырған басты күш - қажеттілік. Кішкентай ғана жері бар ел өмір сүру үшін өздерінің бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, материалдық табыс табуға ұмтылады. Өмір сүрудің мүмкін болған кездерін қарастырудың салдарынан, тіршілік үшін күрес жүргізеді, іздену, жоғары ойлау қажеттілігіне тап болады. Ал мұнымен салыстырғанда өмір сүруі әлдеқайда жеңілрек, кең байтақ жері

бар қазақ халқы ондай қажеттілікті сезіне алмайды. Демек, бұл – қазақ халқының жалқаулығы емес, олардың бейқамдығына түрткі болып отырған күш.

Біреулер жалқау деп жүрген дәл сол қазақ халқы, керісінше, өзге шет елдерде жер ауып жүріп, өзге ағайындармен қатар еңбек етіп, өмір сүруге бейімделе алды. Олар өзге жұртта өмір сүрудің, тіршілік етудің қажеттілігін сезінді. Мұны қалай жалқаулық деп бағалауға болады. Ел арасында бір кездерде туысқан түрік халқына былғары көртеше жасауды алғаш қазақтар үйреткен деседі. Терінің қадірін, оның жарамдылығын білмеген түріктер оларды теңізге лақтыра салатын болған. Ал соны кейіннен ауып барған қазақтар илеп, теріден, былғарыдан түрлі заттарды, соның ішінде көртеше тігуді қолға алыпты. Содан барып түрік халқы қазақтардан былғары көртешелер жасауды үйренген екен.

Кезінде Алаш зиялылары да өз еліне тәуелсіздік үшін күрестің керектігін, өздерінің сол жолда қажет екендіктерін сезінді. Соның нәтижесінде ой-өрісі мен білімі, күрескерлік көзқарасы жағынан дамыған байтақ даланың отаншыл, ұлт қамын ойлайтын зиялы қауымы қалыптасты және олар ұлт тәуелсіздігі жолында қызмет еткен күрескерлік деңгейге жетті.

Алаш зиялыларымен байланысты осы тақырып аяқталуына қатысты тағы бір мысал. Бір кездерде

поэзия әлемінде өз шығармаларын ұсынған Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов сынды арыстардың өлеңдері қазақтың XX ғасырдағы лирика жанрының алыптарының бірі ретінде бағаланатын Мағжан Жұмабаев поэзиясымен салыстырғанда көркемдік деңгейі жағынан бір саты

Бекжан ӘШІРБАЕВ,
ҚазҰУ-дің аға оқытушысы

қадірлеудің, тарихты білудің еш сөкеттігі жоқ. Десек те, біз негізгі тәуелсіздігімізді жоңғар қалмақтарынан емес, орыс халқынан алып отырған жоқпыз ба? Ендеше, неге сол жолда күрескен Кенесарының, Алаш зиялыларының еңбектерін басымдық дәріптеп, идеяларын халыққа танытпасқа?! Неге өзіміздің көркем әдебиетімізде, драматургиямызда, кино өнерімізде солар туралы туындылар жасап, баянды етіп, бүгінгі тәуелсіздік перзенттерін сол рухта тәрбиелемеске?!

Айтылған жайтқа байланысты белгілі драматург жазушы Қалтай Мұхамеджанов ағамыздың осыдан екі жыл бұрын жазып қалдырған: “Біз әкесін сатқан Павлик Морозовтардың ұрпағымыз... Сондықтан болар, өз алдымызға ел болғалы бері сегіз жылдан астам уақыт болса да жазған шығармалардың бәрінде сегіз жылдан бұрынғы оқиғалар қамтылып жүргені”, - деген пікірі дәл айтылған. Демек, тәуелсіздік пен елдік мұраттарын насихаттауда, бүгінгі өмір сүріп отырған қоғамымыздағы идеялардың жалғастығын түсінуде біз ұстанған тақырып өзгермейді.

Бүгінгі тәуелсіздіктің ұлт болашағы үшін қажеттілігін дұрыс түсінгенде ғана елдің ертеңінің баяндылығына нық қадам жасалмақ.

Руханият



Дәурен ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ,
ҚазҰУ-дің оқытушысы

АҚПАРАТТЫҚ ТӨҢКЕРІС

Қазіргі кезең - ақпарат және компьютер кезеңі болып табылады. Жалпы, адамның ақпаратқа қанығуы үшін бүкіл мүмкіндіктер жасалған. Яғни, ғылымда, қоғам өмірінде елеулі өзгерістер орын алуда. Осы заманды, басқаша айтқанда “ақпараттық соғыс заманы” деп айтсақ та болады. Адамның мүмкіндіктері соншама ағылып-төгіліп жатқан ақпаратқа жете бермейді. Ал, енді ақ пен қараны бөліп қарастырайық.

билеу - бұл осы ақпараттық төңкерістің адам өміріне тигізіп жатқан кері салдары. Ақпараттық төңкеріс қоғамның бар бұтағын қамтып, оның санасына өзгерістер әкеліп отырады. Мемлекет адамзатты осындай ақпараттық төңкерістен құтқаруы тиіс. Конституцияда жекелеген заңдар қабылданып, қазіргі заман адамдарын осындай кері әсерін тигізіп отырған жойқын квази ақпараттан құтқару керек. Тіпті, ең болмағанда осындай ақпарат санына шек қойып отыру қажет, өйтпесе қоғам ішінде рухани вирус пайда болып, сол вирус қоғам мен әлеуметті, мемлекет пен отбасын жұтпасына кім кепіл? Мәселен, қарапайым отбасы мүшелерінің діни сенімдерін алып қарайдышы. Әке-шешесі - кришнайт, баласы - иегова

күәсі, немересі - сатанист, т.т. Осындай отбасылар мүшелерінің арасында қандай түсіністік болуы мүмкін дейсіз ғой? Иә, бұл хаос - барып тұрған бей-берекетсіздік. Осындай қарапайым мысалдардан ақпарат күшінің адамға тигізетін ықпалы қаншалықты зор екенін өркім өз шамасына қарай бағалай берсе болады. Яғни, өркімнің шамашарқы туралы сөз қозғалық ғой. Иә, бар пәле осыдан келіп туады. Ақпараттық төңкеріске, мәселен, Қазақстан халқының едәуір бөлігі дайын емес. Тек эрудитшіясы мықты, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны, оң мен солын ажырата алатын адам ғана мөңгүртке айнала қоймас. Бұл адамның ішкі деңгейіне байланысты. Яғни, оның білім деңгейі, қоршаған ортасы,

адамзаттық болмысы, діни сенімі т.б. қасиеттері белгілі бір талаптар деңгейіне сай келуі тиіс. Абайдың айтқаны бар емес пе, “Жүрегіңнің түбіне үңіл де, сонан көзде”. Осы заман адамдары өзінің әрекеттеріне қаншалықты есеп беріп жүр екен. Қазақ қыздары аборт жасатып, Саин көшесін жағалауда. Олардың дүниеге келуіне себеп болған өке-шешесі қыздарының тәрбиесінен бұрын, олардың қайда не істеп жүргендерін өздері де білмейді. Жоғарыда аталған вирус отбасы мүшелерін үнсіз жалмай бастағаны ма? Әйел және бала - кез-келген мемлекеттің негізгі тірегі ғой. Біздің мемлекетіміздегі Ата Занда осыған қатысты арнайы баптар болғанымен, тиісті шаралар жүзеге асырылмай жатыр. Түнгі көбелектер өздерін тәрбиелей алмаса, болашақта олардан қандай ана шықпақ? Ең қызығы, оларға қосылып кім отау тікпек? Иә, сұрақ көп, біз осы жерде қарақөз қыздарды емес, оларды осындай жолға өкеп тіреген идеологияны күнөһар деп есептегеніміз дұрыс болар еді. Жоғары оқу орнын бітірген барлық қандастарымыз бірден жұмысқа тұрып кете алмай жатыр ғой. Бұның өзі жұмыссыздық вакуумын

тудырады. Олар сонда нанын қалай тауып жемек? Біз бұған бас қатырып жатпаймыз, қалай тапса солай тапсын. Яғни, қоғам мен жекелеген адам арасындағы рухани байланыстар үзіле бастаған. Ақпараттық аждаһадан пайда болған вирус қоғамның негізгі объектілерінің тамырына балта шабуға. Осы жерде тоқталайық, ағайын.

Вирустың қаншалықты денгейде ойлай білетінін және оның тигізіп жатқан ықпалын түсіну үшін бізге сәуле керек емес пе. Сәуле деп тұрғанымыз - білім және тамыры терең рух. Бұл дүниеде ғалымның хаты мәңгі демекші, оның астарындағы рухани дүниелердің мәңгілік екенін түсінгеніміз жөн. Ең алдымен, өз мәдениетімізді, шығыс даналығын, қазақ менталитетін бойымызға өбден сіңдіргеніміз абзал. Бұл вируспен шайқастағы антивирус тәсілі болып табылады. Шығыс даналығы қалай дәл тауып айтқан: “Күн шапағы шығыстан тарайды”. Сол себепті жамағат өзге тілдің бәрін білсек те, өз тіліміз бен мәдениетімізді қастерлей білейік. Қайта кірер есікті қатты серіппей-ақ қояйық. Жаратылысымыз қазақ болғандықтан батыс бізді азиат деп танымай ма?

Қорыта келгенде, қазіргі замандағы ақпараттық төңкеріс тудырып отырған вирусқа қарсы антивирус ойлап табуымыз қажет. Өйтпесе вирус қоғамның өміріне, тамырына балта шабатыны сөзсіз.



Мүшайра

Қазақтың талантты ақындары батасын беріп, тұсауын кескен “Жас ақындар” бірлестігі өлең өлкесіне ат басын бұрған жастардың шығармашылығын дамытуды темірқазық жұлдызы етіп отыр. “Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады” деп ұлы Мағжан ақын айтқандай, алдыңғы толқынның орнын басатын кейінгі толқынның пайда болуы өнердегі заңды құбылыс. Бүгінгі қазақ поэзиясында да, суырыпсалмалық айтыс өнерінде де шынайы таланттарымен табындырып жүргендер - осы ұлттық университетті арысы алты-жеті жыл бұрын, кейінгісі екі-үш жыл бұрын бітірген түлектер. Бұлардың соңынан келе жатқан жаңа лек университет аудиториясында дәріс алып жүрген студент-жастар деп білемін.

Қазан айында өткен университет ақындарының айтысында Қанат Тілеуханұлы, Төлеген Жаманов, Жаңылсын Тауышева, Бейбіт Сарыбай, Клара Көпбаева, Жадыра Жұмакүлбаева, Альбина Шөңгебаева, Дінмұхамед Қари секілді студенттердің сахна төрінен көрінуі осының айғағы.

Ұлттық өнерімізге жаңа қадам жасап отырған талапкер жастарға университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұловтың арнайы келіп, сәт сапар тілеуі ұлттық өнерімізге деген шын жанашырлық, өнерлі студенттерге деген үлкен қамқорлық деп түсіндік.

Осындай игі шараларды ұйымдастыруда бетімізден қақпай, қолдау көрсетіп отыратын Тіл және тәрбие ісі жөніндегі проректор Н.Омашұлы мен проректордың орынбасары Гүлнәр Әлібекқызына “Жас ақындар” бірлестігінің мүшелері атынан ризашылығымды білдіргім келеді. “Жас ақындар” бірлестігі жастардың рухани байлығын арттырып, талантты студенттерді ынталандыру, елге таңыстыру мақсатында өз жұмысын жалғастыра бермек.

Естеріңізде болса, “Қазақ университеті” газетінің өткен санында студент ақындардың мүшайрасы өтетінінен хабардар еткен едік. Бүгін сол мүшайраның қорытындысын жариялап отырмыз.

I-орын: Торғын Тұрлыбаева

II-орын: Бейбіт Сарыбай

III-орын: Анархан Ерғазыұлы, Қанат Тілеуханұлы.

Жиырма төрт ақынның ішінен озып шыққан осы ақындардың әр номинациядағы бір-бір өлеңдерін жариялап отырмыз.

Серік АҚРАМУЛЫ,
“Жас ақындар” бірлестігінің төрағасы

Ішкі дауыс



Жансая
АЙДАБОЛОВА

АЛМАТЫ -
АРУ ҚАЛА

Мектеп бітіріп, бет алған бағытым - Алматы болды. Бар мақсатым - осындағы жоғары оқу орындарының біріне түсу. Қалаға келіп, Қазақ ұлттық университетіне құжаттарымды тапсырдым. Осы университет маған бір түрлі асқақ көрінді.

Емтихан да өтті. Бұл жолы оқуға түсе алмадым. Бір дорба кітаптарымды алып ауылға тарттым...

Ауылда маңдайдағы сорғалаған ащы терді сұртуге де шама жетпейтіндей жұмыстар істедік-ау.

Жаз да келді-ау, әйтеуір! Жолға жинала бастадым. Жыл бойы көп кітаптар жинағанмын. Бірін қалдырмай ретімен салып ем, екі дорба болды. Жүктерімді арқалап алып, Алматыға аттанар сәтте апам:

- Ал, қарағым, жолың болсын!

Оқимын деген тілегің бір Алланың құлағына шалынсын. Менің де Алладан жалынып сұрайтыным осы ғана. Оқу, білімсіз күнің қараң, балам, - деді.

Апама қарасам, жанары жасаурап тұр екен. Көңілім босап, қапсыра құшып, сүйіп-сүйіп алдым.

Сағындырған Алматыма да келіп жеттім. “Оу, сұлусың-ау Алматым! Ауылдың қарапайым тағы бір тұрғынын қабылдай гөр”, - деп іштей өтініп сұраймын.

Құжаттарымды тағы сол Қазақ ұлттық университетіне тапсырып қойып, қалың кітаптарды бас алмай оқып, екі ай бойы тапжылмай дайындалдым.

Емтихан да өтті. Мен үшін бұдан артық бақыт жоқ еді. Өзіме бір түрлі биік, асқақ көрінетін университеттің студентімін! Ендігі бар міндет - сапалы білім алу.

Бақыт дегенің де сарғайтып барып келетін нәрсе-ау, сірә.

Неге екенін қайдам, осы Алматы білім, ғылым ордасы болып көрінеді де тұрады маған.

Сезім

САРЫАРҚА
“СӘЛЕМИ”

Ораз НҮРДІДӘ

Мен отырған жүйрік пойыз солтүстікке бағыт алды. Кең даланың құшағын, алынбаған есесі бардай, тіліп бара жатыр. Терезеден сыртқа қарай көз жүгіртсем, даланың бөрі аппақ. Ақ тон жамылған жоталар кербезденіп кейін қалып жатыр. Қарағандыны таппай келе жатқандай, пойыз біресе оңға, біресе солға ирелеңдеп, барлығымызды бесікте тербеткендей әлдилеп келеді. Танның шапағымен жарысып келгендей жылан төрізді машина Қарағандының темір жолын сыза тоқтады. Бұл жер маған таныс емес еді. Терезеден қайта қарадым: қабаттанып киінген елді көрдім. Ұзын дәлізбен жылыстап перронға келдім. Тамбурдың есігі ашылғанда, алғашқы салқын ауа самайымды сүйіп өтті. Аузым бықсып түтіндеп жатқандай бу бүрк-бүрк етеді. Жағамды көтердім де сыртқа бет алдым. Саты арқылы аяғым жерге тигенде, Жер-ана өз баласына сәлем бергендей сықыр ете түсті. Өзге әлемнен қорыққандай балапан денем бір тітіркенгеннен соң, алға аяқ бастым. Бес-алты қадамнан соң, кенет көзімнен бір тамшы жас үзіліп түскендей болды. Кілт тоқтады да, көзімді сұрттім. Қайта қарап едім, қатты суық бетімді қарып кетті. Бұл - бөтен адамға берген Сарыарқаның алғашқы “сәлемі” еді.



Торғын ТҰРЛЫБАЕВА

Көгершін-сезім...

Көгершін көңіл көгілдір,
Көркіммен мені шомылдыр.
Көшеде жүрген көктемді

Көзіңнен көрген көңіл бұл,
Көгершін құсым көгілдір.

Жетексіз болып тілегім,
Жете алмай саған жүр едім.
Жасқанбай сендік жарқылды
Жібермей қойды жүрегім.

Кездейсоқ келген таныстық,
Қалдырды отсыз тап ыстық.
Жұлдызбен түнде тілдестім
Жердегі жанды алыс қып.

Масайған мендік дара мұң,
Сезімнің ішіп шарабын.
Тағы да, тағы келеді
Көзіңе сенің қарағым.

Сапырып мұңның шалабын,
Қайғыны төтті қаладым.
Қоштаспай қалған алыста
Қарап тұр маған жанарың.

Сағыныш болып қалмашы,
Әнінді маған арнашы.
Көгілдір көкте күтейін,
Көгершін құсым, самғашы.



Анархан
ЕРҒАЗЫҰЛЫ

Алдымызда бір үміт

Туған жердің тоз-тоз болған тағдыры,
Туған елдің том-том болған зар мұңы.
Сергелдендеу сапарымның сарыны -
Жиналып келіп басыма симай барлығы,
Жасыма жетпей шашыма қырау шалдырды.

Қайран жерім - құтты өулие,
Асан қайғы қонған жер.
Қандыбалақ қанды жорық
Бозғылт шаңын созған жер.
Сан мың жылда түбі бір түркі бабамыз,
Иелік еткен киелі мекен болған жер.

Қайран елім,
Тарихқа талай үлес қосқан ел,
Берекеден берік камал соққан ел.
Топан судың толқынындай, шығыстың
Қызыл құртын кеудесімен тосқан ел.

Сан қайтарып қас жауының меселін,
Менің елім қанмен берген есебін.
Күллі өлем мойындайды -
Шыңғысханның табы қалған таңбадан
Біздің елдің жау жүректі екенін.

Біздер солай миллиондармен де,
миллиардтармен де алыстық,
Ата жауға берілмедік қарыстық.
Бірақ-бірақ, ең соңғы рет көпке топырақ
шаша алмай,
Амалсыздан дәрменсіздік таныттық.

Солай бауырым, біздер солай шет тұрдық,
Шетте тұрып, шет дұшпанға шеп құрдық.
Күллі қазақ даласына сұқтанған
Ата жауды бетке ұрдық.
Сонсоң қазақ көтергенде төуелсіздік көк туын,
Отарда қалып, отан жаққа бет бұрдық.

Солай, бауырым, біз келеміз қылышымыз
жығылып,
Тордан шыққан көк бөрідей салқа жортпай,
сызылып.

Сын көтерер жайтымыз жоқ бұл күнде,
Қабағыңнан танытпасан жылылық.
Соңымызда сан өкініш,
Алдымызда бір үміт.

Сезін мені, кешір мені

Бой жетіп қалыпсың-ау ашып қылық,
Өурелеме әркімді ғашық қылып.
Жүректегі сырын ұқ жігіттердің,
Білектегі тамырын басып тұрып.

Әсемдікті өтпейсің әлсіретпей,
Бәсендіктен келетін жауың көптей.
Парқынды білесің бе, білсең егер,
Әркімді аялап өт жаншып өтпей.

Сен де бір, қасиетті арша да бір,
Иісіңе өзіңнің тамсана біл.
Келте болып жүрмесін қыз-ғұмырың,
Ерте солып жатады қаншама гүл.

Күлімсіреп отырсың сыртқа қарап,
Бұлдыр-бұлдыр көңілді бұлтқа балап.
Күлгендерге тағы да күлкі тіле,
Білгендерге сырынды шытпа қабақ.

Қаласы ғой Алматы сұлулардың,
Таласып ой-дөртпенен шын уландым.
Сезін мені қарындас, кешір мені,
Көзіңдегі керемет жылууды алдым.

Жайсаңдарды өзіңдей танып қалып,
Қайсарландым өзім де шабыттанып.



Бейбіт САРЫБАЙ

Жетіп бардым жаныңа отырдым да,
Кетіп қалдым жүзіңнен жарықты алып.

Жасқанып қарай-қарай қалдың жаным.

Жараланып қалды ма балғын жаның.

Шапағаттың шоқтығын ұстап тұрып,

Махаббаттың оттығын жандырмалдым.

Сен мені өзгерттің



Қанат
ТІЛЕУХАНҰЛЫ

Көз тартқан сұлулық
алыстан мұнартып,
Сезімнің самалын
көңілім құмартып,
Жастықтың жалыны
жанымды бүркеді
жүрекке мұң артып...

Тағы да ғашықпын
несіне жасырам,
сен менің құдайым,
өзіңе бас ұрам.

Мең-зең боп қалдым ғой
көркінді көргенде.
Менді қыз,
мен қалай
айламды асырам?

Түн келсе,
жұлдыздар көгінде самсаған,
жүрегім жылулық
бір сенен аңсаған.
Сен мені өзгерттің
ешкімге ұқсапмай.
Әр түрлі көзқарас,
бәрі де таң маған.





Домбыра үйірмесі

“ФАРАБИ САЗЫ” ҰЛТ-АСПАПТАР ОРКЕСТРІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЛБЕТІ

Қазіргі заманда жас ұрпаққа өнегелі тәрбие беру ісі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Эстетикалық тәрбиенің жасөспірімдердің өсемдікті түсініп, ұға білуі және олардың дүниетанымының қалыптасып дамуы жолында атқарар рөлі зор.



Болат ӘМІРХАНОВ,
“Фараби сазы” оркестрінің жетекшісі

Бүгінгі өңгіме университеттің өнерлі жастарынан құрылған “Фараби сазы” оркестрі жөнінде, оның қазіргі жай-күйі, қазіргі бағдарламасы туралы болмақ.

Оркестр гректің орchestra - сахна алдындағы алаң деген сөзінен шыққан. Оркестр - әр түрлі аспаптарда ойнайтын музыкант-орындаушылардан тұратын үлкен ұжым. Ол қазіргі кезде негізінен кәсібилік және көркемөнерпаздық болып екіге бөлінеді.

Біздің оркестр көркемөнерпаздық болып табылады. Оның құрамы жылдан-жылға өнерлі студенттермен толығуда. Қазір құрамымызда 25-30-ға жуық студент жастар бар. Әрине, бұлардың барлығын үлкен дайындықтан өткізіп, орындау шеберліктерін шыңдап барып, мүшелікке қабылдаймын. Репертуарымыз неғұрлым өз мүмкіншілігімізге қарай таңдалады. Қазір ел егемендігіне 10 жыл толуына арналған бағдарлама даярлау үстіндеміз.

Жалпы, университет басшылығы тарапынан бізге көрсетіліп отырған қамқорлық өте жақсы деп айта аламын. Оркестрдің 35 адамына жанадан ұлттық киім тіккізіп берді, аспаптар толық құрамда түгел жеткілікті, дайындық орны бар.

Түрлі мәдени шараларды өткізу барысында студенттер клубының директоры, қазір Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы директорының орынбасары С.Дүйсенгазин әрдайым біздің қасымыздан табылады. Десек те әр саланың өз қиындығы болмай қоймайды. Оркестр құрамындағы өнерпаздардың көпшілігі нота жөнінен сауатын білмей келетіндіктен тіпті көпшілігін домбырада т.б. аспаптарда ойнатып, жаттықтыру жұмыстарын жүргізудеміз. Бұрындары қатарымызда мектеп қабырғасында оқып жүргенде музыка мектебін бітіріп келетіндер басым болатын. Ондай мектептер қазір мүлде жабылып қалған. Егер музыка мектебін бітіріп келген студент болса, бізге көп жеңілдік туар еді. Жиі репертуар жанартып, тіпті жиі әр жерлерге өзіміз концерттер ұйымдастыруға да болар еді. Сонда да “Ел іші - өнер кеніші” демекші, суырылып шыққан таланттарды өнерге, үлкен ұлттық мәдениетке баулу біздің алға қойған үлкен мақсатымыз болып табылады. Сол үшін еңбектенудеміз.

Драма үйірмесі

ҚОЙЫЛЫМДАР БОЛАШАҒЫ АЛДА

Драма үйірмесі студент ұл-қыздардың қабілет қарымын ұштау, оқудан тыс мәдени өмірмен етене араласуды және рухани жан дүниесін байыту үшін қызмет етеді.

Данияр САЛАМАТ,
үйірме жетекшісі

Мұнда талантты, талапты студент жастар өздерінің жан-жақты мүмкіншіліктерін, өртістік қабілетін өшіріп алмай керісінше, жарқырата аша түсуіне жол ашылады. Олардың көңіл түкпіріндегі жатқан армандары бір мөлшерде жүзеге асып жатса оқуға деген, жалпы өмірге деген құлшынысы арта түсері хақ.

Драма үйірмесі бүгінде “Шаттық” комедия театры деген атаққа ие. Болашақта профессионалдық жоғарғы дәрежедегі республикалық деңгейде өнер көрсете алатын, толыққанды спектакльді сахнаға алып шығар, жұрт қызығар, халыққа қызмет етер әдемі комедиялық театр бола ма деген әппақ арманымыз бар.

Осы мерзімге дейін “Шаттық” театрына арнап төрт пьеса жазылды. Атап айтсақ: “Орман оқиғасы” (1

актілі балаларға арналған), “Ертегілер елінде” (1 актілі балаларға арналған), “Қоқыс тұрғындары” (комедия, ересектерге арналған), “Қажым-Балым” (трагикомедия, ересектерге арналған).

Жоспарлы түрлі кеш, фестиваль, конкурстарға қатысу да біздің еншімізде. Конкурс шарттарына сай кішігірім қойылымдар жасап ұсынамыз. Ақын немесе белгілі жазушы творчасына көркем композициялық дүниелер жасаймыз. Олардың ішінде дәстүрлі “Студент көктемі”, Бостандық аудандық фестивалінің қойылым номинациясы бойынша жүлдеге илінген “Желтоқсан желі” ревиюі. Ақын Жүрсін Ерман кешінде көрсетілген “Сыңарымсын” композициясы да көңілге жылы тиеді.

Жақын уақыттың бірінде театрымыздың ресми түрде, ашылу салтанатын жасау ойымызда бар. Оған арнайы “Қоқыс тұрғындары” атты музыкалы-думанды комедияны дайындап жатырмыз.

Воспитание прекрасным

Танцевально-хореографическая группа “Спектр” как танцевальная группа химического факультета начала свою работу в ноябре 1978 года и уже через месяц преподнесла свой первый подарок родному факультету, выступив на Новогоднем вечере с шуточным танцем “Ухажер”. Танец был очень тепло встречен зрителями. Благожелательное отношение привело к тому, что нам захотелось работать еще лучше и радовать наших зрителей еще больше.

утреннего солнца? Сколько цветов, оттенков и сказочных переливов!!! Но все это ничтожно малая часть, видимая нашим глазом, загадочного природного явления, спектра существующих цветов.

Подобно тому, как солнечный свет, разлагаясь, дает огромное количество цветовых оттенков, так и народная хореография несет огромное наследие и культуру разных народов, давая гамму различных

РАДУГА ТАНЦЕВ

Наталья ГИЗАТУЛЛИНА,
руководитель танцевально-хореографической группы “Спектр”

Коллектив начал разрастаться и к концу учебного года состоял уже из 28 человек, в том числе 9 мальчиков.

С первого же года своего существования танцевально-хореографическая группа “Спектр” стала основным претендентом на призовые места в смотре художественной самодеятельности среди факультетов КазГУ.

В настоящее время танцевально-хореографическая группа “Спектр” состоит из трех групп, в которые входят представители 10 факультетов.

Многие спрашивают:



“Почему группа называется “Спектр”?” Ответ очень прост.

Кто из Вас не любовался радугой в синеве неба? Кто не засматривался на чудные переливы свежесвыпавшего снега в лучах

танцев: лирических и озорных, быстрых и медленных, с головокружительной сменой национальных костюмов. И танцевально-хореографическая группа “Спектр” старается охватить как можно больший спектр национальных танцев. Мы танцуем казахские, русские, молдавские, узбекские, турецкие, испанские, венгерские, польские, кубинские, цыганские танцы. И я надеюсь, что в дальнейшем появятся танцы и других народов.

танцев: лирических и озорных, быстрых и медленных, с головокружительной сменой национальных костюмов. И танцевально-хореографическая группа “Спектр” старается охватить как можно больший спектр национальных танцев. Мы танцуем казахские, русские, молдавские, узбекские, турецкие, испанские, венгерские, польские, кубинские, цыганские танцы. И я надеюсь, что в дальнейшем появятся танцы и других народов.

ПЕСНЯ ОСТАНЕТСЯ С ЧЕЛОВЕКОМ



Салтанат АБАЙДИЛЬДАНОВА,
руководитель кружка “Вокал и фортепиано”

За месяц работы я познакомилась со многими студентами разных факультетов, которые с огромным желанием хотели бы научиться исполнительскому мастерству в области вокала и обучиться игре на фортепиано.

Не скрою, что работа нелегкая, приходится начинать с азов, с постановки голоса и рук, так как мои ученики музыкально не подготовлены, но уже взрослые, сформировавшиеся как личности молодые люди с определенным мировоззрением. В то же время мне очень интересно работать со студентами, потому что всегда интересны люди, которые помимо того, что изучают свою будущую специальность, находят время и с большим интересом посещают наш кружок. Ведь тесно приобщаясь к искусству, человек становится гармонично развитой личностью. Также обяывает и подготовка к концертам, на которых студенты приобретают навыки культуры поведения как на сцене, так и в жизни. Приятно работать с любознательными студентами, имеющими разносторонние интересы. Если нас будет окружать такая молодежь, думаю, можно порадоваться за будущее страны.

В этом и заключается моя основная задача: привносить культуру, воспитывать и развивать вкус, дарить красоту посредством музыки.

ТСО - студент қорғаны

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ САҚАДАЙ САЙ

Қоғам болғаннан кейін онда келеңсіз оқиғалар, көлеңкелі жақтар болатыны өтірік емес. Әсіресе, оқып жүрген жастар арасында мұндай жағдайлар көптеп көрінетіні де рас. Сол себепті ҚазҰУ-дің студенттер арасынан құрылатын тәртіп сақтау отряды (ТСО) биылғы жұмысын жаңаша жүргізуде.

Құрманғазы ЖАНҰЗАҚОВ,
ТСО-ның N2-тобының командирі

Отрядта барлығы 35 студент бар. Бәрі де өз факультеттерінің деканаттары ұсынған жауапкершілігі мол, сенім артуға тұратын азаматтар. Өздеріне жүктелген міндетті түсінеді, деканаттары артқан сенімге лайық қызметін атқаруға тырысады. Отряд командирі филология факультетінің 3 курс студенті Ратов Ренат. Отрядтағы 35 адам

5 топқа бөлінген. Әр топтың командирі бар. Топтар кесте бойынша кезекшілікке шығып тұрады. Кезекшілік кешкі сағат 19.00-ден түнгі 23.00-ге дейін созылады. Осы бірнеше сағат ішінде кезекшілікте жүрген топ ҚазҰУ территориясын түгелдей қарап, бақылап, өкімшілік тәртіптің бұзылмауын, ҚазҰУ аймағында тыныштық сақталуын қадағалайды. Әрқашан бәрі тыныш, кезекшілік ойдағыдай өтеді деп айтуға және болмайды. Бірде еш оқиғасыз өтсе, бірде аяқ астынан жатақханалардың бірінде

төтенше жағдай болып қалады. Мұндайда отряд командирі Ратов Ренат өзі бас болып оқиға себепкерлерін тергеп жұмыс жүргізеді. Бұдан кейін жазылған акт, кінәлілер түсініктемесі тиісті орнына жеткізіледі. Мұндай жағдайлар ТСО өз жұмысына кіріскелі бері бірнеше рет болды. Бұл, әрине, ҚазҰУ аймағы тынышсыз, төтенше жағдайлар көптеп болып тұрады деген сөз емес. Керісінше, бірлі-жарым көрініс берген мұндай тәртіп бұзушылық оқиғалар ҚазҰУ территориясына сырттан келетін “қонақтар” тарапынан туындайды. ТСО-ның негізгі міндеті де осындай жүгенсіз кеткен “қонақтар” қылықтарын да, университеттің өзінің тентектерінің “еркеліктерін” де тыю, ауыздықтау, жастар арасында жарасымды қарым-қатынасты сақтау, қайта қалпына келтіру болып табылады.



Мұзда жанған алау

В памяти учеников

ТАҢШОЛПАН

Желтоқсандықтар...

Кей кездері тағдыр талайына таң қаласын. Бір кездері олар жеке-бөлек адамдар-тұғын. Олар әр түкпірде өмірге келіп, өз бетінше ғұмыр кешті. Бір-бірін танымастан балалық бал-дәуренді басынан өткеріп, білім жолын қуған кезде де бір-бірінің мына әлемде бар-жоқ екендіктеріне назар аударған жоқ-ты. Тіпті, сол бір қасіретті күндері де бір-бірін түстеп танымастан-ақ араласып кетіп еді. Сол бір-бірін дұрыс танымаған күйінде біреуі - өмірмен қоштасып, біреуі - сотталып, енді бірі - оқуынан қуылып кете барды. Иә, олар бірін-бірі дұрыстап танып-білген жоқ. Бірақ, бүгін олардың есімдері қатар ауызға алынады. Біреуінің атын айтсақ, екіншісінікі өздігінен сұранып тұрғандай.

Қарагөз СМАДІЛОВА

Желтоқсандықтар...

Бір-бірін танымаса да, оларды бір күш біріктірген еді. Ол күш - ой ұқсастығы, мақсат бірлігі болатын. Сондықтан да олар үнсіз танысып, ұғысқан еді. Сол күндері олардың барлығын тұтанған намыс оты біріктірген-ді. Олар ұлттық рухы қанында бар екендігін сөзсіз-ақ сезінгендіктен алаңға бірге шыққан... Олар жай шыққан жоқ. Қара тобыр болып дабырласып, жамыраудан да аулақ болды. Олар алаңға өздерімен бірге тектілігін, төкаппарлығын, мықтылығын көрсетпекке шыққан.

Айбарлы әрі айдынды топ. Тұс-тұстан лек-легімен қосылып жатқан өзге де жастар. Олар бір-бірін танымаса да, ұлттық рух оларды табыстырды. Сондықтан да болар, ешқайсысы ешқайда шашырамай, алаңға бірге бет түзеді. Олар үшін ешқандай сөздің қажеті жоқ. Ортақ мүдде біріктірген жүректері сезінсе болғаны да. Олар тобыр емес. Елінің тағдырын ойлаған, ұлтының болмысын жанына сіңірген азаматтар. Сол күндері өзгенің қолымен оп-оңай, әрі қалай болса солай шешіліп жатқан ұлт тағдырының ақыры не боларына жаны күйзеліп, жүрегі сыздап, жан айқайын жеткізбекке ұмтылған топ.

“Сағымды далам бар,
Сабырлы келім бар,
Қараңдар, жарандар,
Осындай елім бар.

Қарсы алған уақытты,
Ежелгі досындай,
Біздің ел бақытты, біздің
ел осындай”.

Әнді кім бастағаны, қалай бастағаны белгісіз. Әлде жүректен үнсіз ұғысып, бәрі бірдей шырқай жөнелді ме? Ол жағы тағы беймәлім. Алаңға жүректерінің нұсқауымен келе жатқан топ.

Ел олардың артынан тәуелсіздік таңының атуын күтті. Халық кателеспепті. Сол бірін-бірі танымаған, бірақ тілсіз ұғысқан топтың тәуелсіздік таңшолпаны екенін жұрт кеш ұқты. Таңшолпан - таң хабаршысы. Күннің шығып келе жатқандығын хабарлап, бар нұрын төге барып сөнетін жұлдыз. Олар да сөйтті. Бір-бірін жыға танымаған, ортақ мақсат, ортақ мүдде, ұлттық рух, намыс біріктірген топ - желтоқсандықтар.

Желтоқсандықтар - Таңшолпан...



Михайловна была активна и в общественной сфере: председатель “Союза женщин КазГУ”, член Президиума Казахстанского фонда культуры.

Прошел год, как с нами нет Май Михайловны Багизбаевой. Но наша память хранит образ необыкновенно доброй, умной, интеллигентной, всегда элегантной женщины. Научные регалии и заслуги М.М. Багизбаевой впечатляют: доктор филологических наук, профессор кафедры русской и зарубежной литературы КазГУ, академик Высшей школы Казахстана, Международной академии творчества. Май Михайловна – основатель и бессменный руководитель научно-исследовательской лаборатории по изучению русского фольклора Казахстана, основатель и ректор Университета мировой литературы и журналистики, Председатель и член Специализированных Советов по защите кандидатских и докторских диссертаций. Май Михайловна была активна и в общественной сфере: председатель “Союза женщин КазГУ”, член Президиума Казахстанского фонда культуры.

НАШ ЛЮБИМЫЙ НАСТАВНИК

Разносторонняя яркая личность Май Михайловны включила в себя не только академическую образованность, но и высокое нравственное начало. Учитель с большой буквы, воспитавшая многие поколения студентов. Ученый с большой буквы, создатель научной школы по изучению русского фольклора Казахстана, подготовившая и выпустившая около 20 аспирантов. Автор монографий, учебников и учебных пособий для студентов и школьников, участник многих республиканских, всесоюзных, международных конференций. Человек с большой буквы, принципиальная, отзывчивая, хрупкая обаятельная женщина. Май Михайловна следовала избранному ею жизненному принципу: “Если не можешь творить добро, то хотя бы не делай зла”. Она была верной женой и надежной опорой выдающегося ученого, государственного деятеля, ректора КазГУ, при котором вырос

замечательный комплекс – КазГУУград, У.А. Джолдасбекова, вместе с которым она воспитала замечательных детей, продолжающих профессиональную деятельность родителей. Светлая память о Мае Михайловне будет всегда жить в сердцах благодарных учеников, коллег, всех тех, кто долгие годы общался и сотрудничал с обаятельной женщиной, замечательным человеком, талантливым ученым. 26 апреля 2002 года состоится международная конференция, посвященная 70-летию доктора филологических наук, профессора Май Михайловны Багизбаевой. Конференция пройдет в г. Алматы, на филологическом факультете КазНУ им. аль-Фараби.

Коллектив Университета мировой литературы и журналистики

Наше интервью



Накануне юбилея заведующей кафедрой общей и этнической педагогики, доктора педагогических наук, профессора КазНУ им. аль-Фараби Исаевой Зауреш Абдразаковны мы взяли у нее интервью, в котором она поделилась своими мыслями о проблемах развития высшего образования.

но и за рубежом. Как Вы думаете, что необходимо сделать, чтобы ускорить этот процесс?

- Вы задали мне вопрос государственного масштаба (смеется). Тем не менее попытаюсь выразить свое мнение по этой проблеме.

Мы осознаем, что будущее Казахстана, его процветание целиком и полностью зависит от молодого поколения специалистов и от того, как мы их подготовим к новой жизни. Главное – изменить мышление, научить планетарно

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

- Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;
- Бас редактордың орынбасары - Нәйла Садықова;
- Жауапты хатшы - Дариға Амангельдиева;
- Теруші - Айтгүл Бабазова;
- Көркемдеуші-беттеуші - Айдын Әбдібекұлы;
- Фототізуші - Мамыржан;
- Немірдің кезекші редакторы - Сәндібек Жұбаниязов.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

- Ж.ДӘДЕБАЕВ - проректор;
- Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
- Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;
- А. ЕЛІБАЕВА - студенттердің “Сұңқар” көсіподақ ұйымының төрайымы;
- Б.Ө. ЖАҚЫП - декан.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10-кабат, №1000 бөлме. Тел. 11-94

Немір “Полиграфсервис” баспасында 10.12.2001 жылы басылды

Бағасы келісім бойынша Тарапым - 1000 дана Көлемі 26 т. Индексі 65989 № 347 тапсырыс

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның қосқарсын білдірмейді

ПОДГОТОВИТЬ СПЕЦИАЛИСТА – ВОСПИТАТЬ ЧЕЛОВЕКА

Корр.: - Зауреш Абдразаковна, от имени редколлегии газеты “Қазақ университеті” разрешите поздравить Вас и пожелать здоровья и творческих успехов! Пожалуйста, расскажите немного о себе.

- Спасибо за поздравление, мне приятно ваше внимание.

Родилась я 16 ноября 1951 года в селе Баканас Балхашского района Алматинской области. В 1969 году поступила на химический факультет нашего университета. После окончания некоторое время работала инженером-химиком в Алматинском филиале Дзямбульского технологического института, затем перешла на педагогическую работу.

В 1980 году вернулась в КазГУ, поступила в очную аспирантуру при кафедре педагогики.

С тех пор моя трудовая деятельность от ассистента до заведующего неразрывно связана с этой кафедрой.

1992-1995 г.г. – вновь учеба, теперь уже в докторантуре при кафедре педагогики высшей школы Московского педагогического университета. В 1997 году защитила докторскую диссертацию по теме “Формирование профессионально-исследовательской культуры педагога в системе университетского образования”. Думаю, достаточно о себе.

Корр.: - Спасибо. Сейчас много говорят и пишут о реформах в высшем образовании, направленных на то, чтобы наши специалисты были конкурентоспособны не только у нас,

мыслить, разносторонне подходить к решению возникающих проблем, выдвигать альтернативные идеи и смело внедрять их в жизнь. Молодой человек должен быть духовно богатым, шедрым душой, внимательным, чутким к другим людям. Он должен быть интеллигентом, знающим свое происхождение, историю своего народа. Он должен чтить память предков и всегда оставаться благодарным ребенком по отношению к своим родителям и Отчизне, вскормившим его. Таким я вижу молодого специалиста нового века.

Корр.: - Спасибо за интересную беседу, еще раз поздравляем Вас с юбилеем!

Г. БАЕТОВА

Құлаққағыс

Айттыс тақырыбы - имандылық

Желтоқсанның 18-і күні Ө.А.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында “Отанды сүю - имандылықтан басталады” атты тақырыпта ақындар айттыс өтеді. Аталмыш өнер сайысын университетіміздің түлегі, мемлекеттік “Дарын” сыйлығының лауреаты, белгілі айттыс ақыны Мұхамеджан Тазабеков ұйымдастырып отыр. Осынау өнер тойына республика деңгейінде танымал айттыс ақындары Шорабек Айдаров, Аманжол Әлтаев, Айнұр Тұрсынбаева және басқалар қатысады деп күтілуде.

Бас жүлде - автокөлік. Келем деушілерге есік ашық. Басталуы: 17.00

Ән мен жыр кеші

Желтоқсанның 19-ы күні Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Қазақстанның халық артисі, өнші Роза Рымбаева мен Тәуелсіз Қазақстанда алғаш рет өткізілген жыр-мүшәйрасының Бас жүлдегері, ақын-драматург Иран-Ғайыптың шығармашылық кеші өтеді.

Басталуы: 18.00. Билеттер студенттер сарайы кассасында сатылады.

ТҮЛҒА

Негимов С. Мәлік Ғабдуллин (Өмірі мен шығармашылығы). - Алматы, “Санат”, 2001 -192 бет.

Бұл кітап ұлт зиялыларының ішіндегі тұңғыш Кеңес Одағының Батыры, КСРО Педагогика академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, халық әдебиетінің білгірі, жазушы, әскери мемуарист Мәлік Ғабдуллиннің (1915-1973) ерлік өмірі мен шығармашылығына арналған. Баһадүр, білімпаз, ұстаз М.Ғабдуллиннің балалық, студенттік, аспиранттық шағы, Ұлы Отан соғысы тұсындағы таңғажайып батырлық, қаһармандық қимылдары әңгіме етіледі. Қайраткерлік, санаткерлік істері, ұлттық әдебиеттану, фольклортану, педагогика, психология ғылымдарын дамытуға қосқан зор үлесі, ұшан-теңіз эпистолярлық мұрасы, шығармашылық өмірбаяны мейлінше мол әдеби-тарихи архив деректері және замандастарының естеліктері негізінде баяндалады.

Тамаша адамдардың өнегелі өмірі кімнің де болмасын жүрегін толқытары хақ.

Кітап әдебиетшілерге, жоғары және орта арнаулы оқу орындары оқытушыларына, студенттеріне, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

